

**"Қызылорда қаласында жолаушыларды және багажды тұрақты автомобильмен тасымалдау тарифін белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі № 3438 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

**Күшін жойған**

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 5562 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 27 маусымда № 5542 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 25 маусымдағы № 15619 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 25.06.2020 № 15619 қаулысымен (01.09.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қызылорда қаласында жолаушыларды және багажды тұрақты автомобильмен тасымалдау тарифін белгілеу туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 06 сәуірдегі № 3438 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №10-1-210 тіркелген, "Қызылорда Таймс" газетінде 2013 жылғы 4 мамырдағы № 18 жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдау тарифін барлық маршруттар үшін бірыңғай белгілеу туралы";

қаулының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Жолаушылар мен багажды қалалық қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдаудың тарифін барлық маршруттар үшін бірыңғай белгіленсін:

- 1) автобус және шағын автобустарда 70 теңге көлемінде;
- 2) 6 жастан 17 жасқа дейінгі балаларға 30 теңге көлемінде."

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі  
"КЕЛІСІЛДІ"

Қызылорда қалалық  
мәслихатының хатшысы  
Р. Боханова

Н. Нәлібаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК